

МЕН СҮЙЕМІН ЕЛІМДІ

Казбекова Назира Ермековна,
*№44 «Үркер» балабақшасының
даярлық тобының тәрбиешісі
Астана қаласы*

Даярлық тобында өткізілген оқу-іс әрекеті

Білім беру саласы: қатынас, әлеуметтік орта, шығармашылық

Бөлімі: тіл дамыту

Оқу-іс әрекетінің мақсаты: балалардың Қазақстан Республикасы туралы білімдерін кеңейтіп, болашақта ел азаматы атына лайықты болуға және жас ұрпақтарды патриотизмге тәрбиелеу. Елін, жерін, тілін құрметтеуге баулу.

Көрнекіліктер: Қазақстан картасы, слайд, буклеттер, теледидар макеті, түрлі – түсті бояулар, т.б.

Әдіс-тәсіл: сұрақ-жауап, көрсету, әңгімелеу.

Оқу-іс әрекетінің өткізілу барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері. Амандасу рәсімі:

Амансың ба Алтын күн!
Амансың ба Көк аспан!
Амансың ба Жер Ана!
Амансың ба қонақтар!
Амансың ба достарым?!
Сендерді көрсем қуанам!
Жылуыңа жылу қос,
Міне менің қолдарым!

Тәрбиеші: балалар, бүгін біздің сабағымыз ерекше болғалы тұр, ендеше мына жүрек арқылы туған өлкемізге деген сүйіспеншілігімізді білдірейік.

1 – слайд. (Оқу-іс әрекетінің тақырыбы)

2. Жылулық шеңбері.

Балалар шеңбер бойына жиналады. Жұмсақ матадан тігілген жүректі әр бала өз кеудесіне төсей отырып, Отанға, туған жерге, отбасына деген сүйіспеншілігін білдіреді.

- Мен балабақшамды сүйемін!
- Мен тобымдағы балаларды сүйемін!
- Мен достарымды сүйемін!
- Мен туған жерімді сүйемін!
- Мен табиғатты сүйемін!

- Мен Отанымды сүйемін!
- Мен ана тілімді сүйемін!
- Мен туған жерімнің ауасын сүйемін!
- Мен туған жерімнің мөлдір суын сүйемін!
- Мен Астананы сүйемін!
- Мен Алматының алмасын сүйемін!
- Мен Көкшетаудың таза ауасын сүйемін!
- Мен күннің жылуын сүйемін!
- Мен туған жерімнің топырағын сүйемін!
- Мен туған елімді сүйемін!

Барлығы бірге:

Жас ұланымын елімнің,
Болам ұл-қыз зор әлі.
Қазақстан жалауын
Көтеремін жоғары.

(Балаларды орындарға жайғастыру.)

3.Тосын сәт: «Жаһанкез Желаяқ» кіреді.

-Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мені қайдан келді деп таң қалып тұрған шығарсыңдар. Мен дүние жүзін аралаған «Жаһанкез Желаяқпын». «Желаяқ» деп аталу себебім, бір жерде тұрақтай алмаймын. Сондықтан екі аяғыма екі тас байлап алдым. Мен Қазақстандай ел бар екенін естіп, интернеттен қазақ тілін үйрендім. Енді сіздердің елдеріңізбен танысқым келеді.

Тәрбиеші: - Ендеше, сіз біздің қонағымыз болыңыз. Біз сізге елімізді, жерімізді таныстырайық.

- Балалар біз қандай республикада тұрамыз? 2 - слайд (Қазақстан Республикасының картасы)

- ҚР Елордасы қай қала? 3- слайд (Елордасы – Астана көріністері бейнеленген суреттері)

- ҚР Елбасы кім? 4 - слайд (Н.Ә. Назарбаевтың портреті)

- Қазақстан Республикасы қандай?

«Желаяқ»: - Егеменді, тәуелсіз ел болған соң мемлекеттік рәміздер де бар шығар?

Тәрбиеші: - Әрине, бар. Ал балалар рәміздерге не жатады?

Рәміздерім – елдігімнің белгісі,
Білу керек баладағы ең кіші
Рәміздерім – Өнұран, Ту, Елтаңба,
Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, балалар, еліміздің ашық аспандай көгілдір Туымыз, айбынды Елтаңбамыз, мағыналы Өнұранымыз бар.

Рәміздерге тоқталу. 5, 6, 7 – слайд (ҚР рәміздері)

Интерактивтік тақтамен жұмыс.

1.Мемлекеттік ту?

2.Елтаңба туралы кім айтады?

3.Әнұран – Балалар, Ту мен Елтаңбаны көзбен көріп, қолмен ұстауға, Әнұранды құлақпен естуге, бірлесе шырқауға болады.

Рәміздерге сипаттама беру және авторларын сұрау.

Қазақстан Республикасы Туының авторы: Шәкен Ниязбеков

Қазақстан Республикасы Елтаңбасының авторлары: Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уалиханов

Қазақстан Республикасының Әнұраны авторлары: Жүмекен Нәжімедінов, Нұрсұлтан Назарбаев, Шәмші Қалдаяқов.

«**Желаяқ**»: Иә, балалар, Қазақстан Республикасы ірі мемлекет екен. Ал сендер, осындай тәуелсіз ірі мемлекеттің азаматтары екенсіңдер.

Тәрбиеші: Балалар, сендер өмірге келген күннен бастап, Қазақстан азаматы ретінде туу туралы куәлік аласыңдар.

- Қазір балалар сюжетті-рөлдік ойын көрсетеді.

(Ананың рөлінде ойнайтын қыз бала мен әкенің рөлін ойнайтын ұл бала қасында кішкентай нәрестелерімен *«Азаматтық хал актілерін жазатын бөлімге келеді»*)

Әке мен ана:

-Сәлеметсіз бе?

- Сәлеметсіз бе?

-Баланың аты-жөні кім?

-Алтаев Алдияр

-Баланың әкесінің аты-жөні?

-Алиев Азамат

-Баланың туған жылы, айы, күні?

-20 - қараша 2012 - жылы.

- Міне, сіздің балаңыздың куәлігі.

-Рахмет.

-Бүгіннен бастап Алтаев Алдияр Азаматұлы Қазақстан Республикасының азаматы болды.

-Құттықтаймын!

-Рахмет. Сау болыңыз!

Тәрбиеші: Ал, 16 жасқа толған кезде мынадай жеке куәлік аласыңдар.

(Құжатты көрсету) 8 - слайд

«**Желаяқ**»: Әркім өзін Қазақстан азаматымын деп санаса, ол азамат білімді болу керек. Ана тілін құрметтеп, қадірлеуі керек. Кім ана тілі туралы тақпақ біледі?

1. Бақыт құсы қонды ғой,
Менің туған жеріме.

Тіліміз бен дініміз,
Қайта келді еліме.

2. Ана тілің арың бұл,
Ұятың тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тілінді құрметте.
3. Ана тілім – ұраным,
Ана тілім – құралым.
Ана тілім болмаса,
Болмас еді жыр, әнім.
4. Ана тілім – елдігім,
Ана тілім – ерлігім.
Ана тілім болмаса,
Бүтінделмес кемдігім

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрайық,
Шеңбер жасап алайық.
Керегені құрайық,
Уық болып иіліп,
Бір шаңырақ астында,
Тату – тәтті тұрайық.

- Орнымызды табайық.

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі қонаққа келген «Желаяққа» өз туған жерімізді, елімізді таныту мақсатында ойын ойнайық. Ойын ойнамас бұрын мынадай сұрақтарға жауап беріңдер:

- Қазақстанның қалаларын ата. (картадан көрсету)
- Осы қалаларда не өндіріледі? (картаға жапсыру)

Ойын: «Қазақстан қалалары арасындағы телекөпір бағдарламасы»- деп аталады.

9 – слайд(суреттерін көрсету)

Тәрбиеші: Қазақстан қалалары арасындағы телекөпір бағдарламасын көруге шақырамыз. (балаларды әр қалаларға бөлу)

Тәрбиеші: Қазақстан Республикасының қалалары арасындағы телекөпір бағдарламасын көруге шақырамыз. Ең алдымен, Астана қаласындағы қонақтарға сөз берейік, өйткені Астана- Қазақстанның елордасы.

Астаналық қонақтар: Сәлеметсіздер ме? Біз Астана қаласынан сөйлеп тұрмыз. Астана- Қазақстан Республикасының астанасы, еліміздің жас қаласы. Қаламызда әсем ғимараттар бой көтерген. Олар Бәйтерек, Ақорда, Пирамида

және т.б. Астанада Елбасы Н.Ә Назарбаев тұрады, жұмыс жасайды. слайдпен жұмыс.10,11,12,13,14,15,16 - слайдтар.(Астана қаласының зәулім, әсем ғимараттары көрсетіледі)

Тосын сәт: телефон соғылады.

Тәрбиеші: Осы орайда бізге телефон шалғандар бар. Олар сіздердің Астана туралы тақпақ айтуларыңызды өтінді.

Астана арман қала,
Бағы бір жанған қала.
Тұрады ол – жас болып,
Мен үлкен болғанда да.

Төкті оған нұрын дала,
Астана сұлу қала.
Біз оны анамыздай -
Сүйеміз шынында да.

Жүректе сақтап атын,
Жүретін салтанатым.
Астана биігіміз
Биіктер күнге жақын.

Тәрбиеші: Рахмет. Ендігі сөз кезегін Алматыдағы қонақтарға берейік. Солармен байланыс жасайық.

Алматылық қонақтар: Сәлеметсіздер ме? Біз Алматы қаласынан сөйлеп тұрмыз. Алматы-өте әсем, сұлу қала. Бізде әйгілі Медеу мұз айдыны бар. Онда адамдар демалады. Алматыда ескерткіштер, мәдени орындар көп. Алматыда алма, жүзім өседі. Қазір сіздерге Алматы қаласы туралы тақпақ ұсынылады.

17, 18, 19, 20 - слайдтар.(Алматы қаласының көрікті жерлері көрсетіледі)

Алматы қаласы
Жап-жасыл ағашы,
Қып-қызыл алмасы.
Ақ басты тауы бар,
Алматы қаласы.
Ақындар ағасы,
Тұр Абай данасы.
Көшесі көрікті,
Алматы қаласы.

Мен сіздерге алма туралы тақпақ айтып берейін.

Апорт алмасы

Бақ ішінде алмалар,
Бар жемістен бағалы.
Көрген адам таңданар,
Көздің жауын алады.

Тәрбиеші: Келесі сөз кезегі Көкшетау қаласының тілшілеріне беріледі.

-Сәлеметсіздер ме? Біз Көкшетау қаласынан сөйлеп тұрмыз. Көкшетау қаласы-көне қала. Ол курорттарымен әйгілі. Біздің көрікті жеріміз өте көп.

21,22,23 - слайдтар. (Көкшетау қаласының танымал жерлері көрсетіледі)

Қоңырау соғылады

Тәрбиеші: Балалар, бізге қоңырау соғып жатыр. Бұл кім болды екен? Қоңырау шалған көрермендер екен. Көрермендеріміздің сұрағы мынау: Отан туралы не айтасыздар?

Балалар Отан туралы білетін мақалдарын айтып шығады.

- ✓ Отан- оттан да ыстық.
- ✓ Ер ел үшін туады ел үшін өледі.
- ✓ Туған жеріңде туыңды тік.
- ✓ Отан үшін отқа түс, күймейсің.
- ✓ Өз елің-алтын бесік.

Тәрбиеші: Бағдарламаның соңында қонақтарымыз Отанымызға қандай тілектерін айтады екен.

-Отанымыз тыныш болсын!

-Аспанымыз ашық болсын!

-Туымыз биікте желбіреп тұрсын!

«**Желаяқ**»: Өте жақсы, балалар өз туған жерін, елін сүйетіндерің көрініп тұр. Отан туралы көп нәрсе біледі екенсіңдер, өте тамаша! Келгенім жақсы болды. Қазақстан туралы білетін болдым. Сендерге рахмет. Сау болыңдар!

Оқу-іс әрекетін қорытындылау.

Балалар, осымен сабағымызды қорытындылайық. Сабақта біз не жөнінде сөйлестік? Біздің Қазақстан Республикасы көп ұлтты мемлекет екенін білеміз. Қандай ұлт өкілдері тұрады және олар бір–бірімен қалай өмір сүреді? 24 – слайд (тату-тәтті ұлт бірлігі жайында көріністер).

Ендеше осы достығымызды сурет салу арқылы білдірейік және өзіміздің кең байтақ егеменді Қазақстан Республикасын құрастырып берейік!

1 – топ: сурет салады.

2 – топ: Қазақстан картасын бөлшектерден құрастырады.

Тәрбиеші: Бүгінгі оқу-іс әрекетінің тақырыбын «Мен сүйемін елімді» – деп алып отырған себебіміз, адамның туған ата-анасы біреу, оның Отаны да біреу ғана. Сондықтан адам ең алдымен өз елінің перзенті, жан жүрегімен берілген азаматы болуы керек және өзінің туған елін сүю керек.

Ән: «Отаным». Өлеңін жазған: А.Қалмаубетов

Әнін жазған: К.Қуатбаев